

ТАРИХҚА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

ӘРІПОВ Д.

Облыс әкімі жанындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі, еңбек ардагері

Қазақ халқының тарихындағы Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесарыдан кейінгі үлкен бас көтерулердің қатарына жататын Иса мен Досан бастаған көтеріліс - Маңғыстау шаруаларының патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы көтерілісі. Шығыспен қатынас жасайтын барлық су және керуен жолдары Маңғыстау арқылы өткендіктен Патшалы Ресейдің Шығыстағы басқыншылық саясаты үшін Маңғыстау түбегінің стратегиялық мәні зор болды. Сондықтан патша үкіметі Маңғыстау түбегін он сегізінші ғасырдың бас кезінде-ақ өзіне бағындыруға әрекет ете бастаған еді.

Ф. Энгельстің патшалық Ресейдің Орта Азияға өтуіне қайсар адай халқының үлкен кедергісі болды деп атап көрсеткеніндей, адайлар қолдан келгенінше кедергі жасап бақты. Соған қарамастан күштің аты күш, күштінің аты күшті деген емес пе, Ресей өз саясатын іске асыра бастады. І Петрдің тікелей тапсырмасымен Каспий теңізі айлағын зерттеу, сауда кемелері тоқтауға мүмкіндік беретін шығанақтардан қорған салуды көздеген жиырмаға жуық арнайы экспедициялар жасақталды.

Сол экспедициялардың бірінің басшысы, зерттеуші С. Г. Карелиннің ұсынысымен Қарасу- Қайдақтан алғашқы қамал салынды. Орыстар осындай қолайлы жерлерден қамал сала отыра келе-келе ақыры кәзіргі Форт-Шевченко қаласынан орын теуіп, Маңғыстауға өз биліктерін жүргізуге бағытталған әртүрлі шешімдерді іске асырды. Он тоғызыншы ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап адай елі (20 мыңдай үй) Ресейге бағындырылады. Олардың жерлеріне әскери бекіністер салынды. 1866-67 жылдары Жоғарғы Адай дистанциясы (Баймембет Маяев басқарған) және Төменгі Адай дистанциясы (Ғафур Калбин басқарған) құрылып бүтін ел екіге бөлінді. 1868 жылы “Уақытша Ереже” (“Далалық облыстарды басқару жөніндегі Ереже”) енгізілді. Бұл Ереже бойынша әкімшілік орындары облыстарға, уездерге, болыстарға, ауылдарға бөлінді де, оларды басқаруға орыстардың чиновниктері тағайындалды.

Осылайша территориялық принцип негізінде шекараларға бөліну адайлардың бұрынғыша емін-еркін көшіп-қонып жүрулеріне мүмкіндік бермеді. Бұған қоса, Ережеге сәйкес, халыққа ауыр салық салынды, ол қарулы отрядтардың көмегімен жиналды, мал- мүлік талан-таражға түсті, жергілікті адай жатақтары өз жерлерінен қуып шығарылды, оларға балық аулау құралдарын сатуға тыйым салынды. Балық аулау кәсіпшіліктеріндегі

жалдамалы қазақ жұмысшылары ондағы барлық жұмысшылардың үштен бірінен аспайтын болды. Жергілікті халық 1837-ші жылдан бері түгін басы 1 сом 50 тиын салық төлесе, оның мөлшері 3 сом 50 тиынға жетті. Салық байдан да, кедейден де бірдей мөлшерде тек ақшалай жиналды. Ел Жем бойындағы жазғы жайлауға қолында жаңа норма бойынша екі жылға салық төлегендігі туралы куәлігі болған жағдайда ғана көше алды. Осының бәрі халықтың күшті наразылығын туғызды.

“Уақытша Ережеге” қарсы ірі-ірі бас көтерулер Торғай, Орал облыстарында орын алып, бұл көтерілістер патша жендеттерінің қарулы отрядтарының күшімен басылғаннан кейін, енді адай еліндегі көтерілісті басу шараларын алуды көздеген Орал әскери губернаторы Н. А. Веревкин дистанция бастықтары Баймембет пен Ғафурды өзіне шақырды. Веревкин оларға “Уақытша Ереже” жайын жеткілікті уағыздап түсіндірумен бірге, орындалуын қамтамасыз етуді талап етті. Дистанция басшыларының қарсылық көрсетуге жағдайлары жоқ еді. Веревкиннің маңғыстаулықтарды бұғауда ұстауға бағытталған бұл тапсырмасы Рукиннің Маңғыстауға аттанар алдында болған еді.

1870-ші жылы пристав болып тағайындалған подполковник Рукин Маңғыстауға өзі баруға шешім қабылдап, форттан аттанар алдында Н. А. Веревкинге жолдаған рапортында былай деген: “Болыстық басқарушылардың Жаңа ережені тездетіп аяқтауларына жәрдемдесу, сондай-ақ, бұл ережеге мойынсұнбай жазғы жайлауға көшіп кеткелі жатқан кейбір ауылдарды көндіруге мәжбүр ету мақсатымен ертеңнен бастап қырға аттанамын. Бұл кәзіргі кезде адайларды Жаңа ережені қабылдауға көндірудің кепілі, көнбеген жағдайда отряд оларды жазғы жайлауға жібермейді” (Орынбор облыстық мемлекеттік архиві. Ф.6.8239-іс.510-бет.)-деп жазған. Сөйтіп, подполковник Рукин Б.Маяев пен Ғ.Қалбин сияқты ел басқарушыларының, билердің көмегімен салықты 1869-1870-жылдарға бір-ақ жинамақшы болды.

Рукин 1870-ж.15-мартта 40-тан астам казак-орыс және 60-тай адай билері мен старшындарын алып, қару-жарақтарын 35 түйеге артты да, салық жинауға шықты. Бұл хабарды естіген халық ержүрек перзенттері Иса Тіленбаев (1829-1909) пен Досан Тәжиевтың (1829-1876), бастауы және қаруластары. Алғи Жәлімбетов, Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов, Дихан Өтепов, Сүгір Шабаевтардың қостауымен Рукин отрядына қарсы көтерілді. Көтерілісшілер Рукин отрядымен жиырма екінші наурызда Үшауыз құдығы жанында кездесті. Жан-жақты қаруланған Рукин отрядына аталған жаужүрек батырлар бастаған көтерілісшілер жан-жақтан бір мезгілде шауып, көзсіз ерлік көрсетті. Тұтқиылдан жасалған бұл шабуылға патша солдаттары ешбір қайрат жасай алмады. Осы ұрыста Рукин халық кегімен суарылған қылышты,

найзаны жете меңгере білген, астындағы тұлпарлары атқан оқтай ұшқыр жүрек жұтқан батырлардың қолынан ажалын тапқан еді. Халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов өзінің «Досан батыр» дастанында «...Қаза тапқан Рукин найзасының үшін» - деп оны Досанның найзамен түйреп өлтіргенін нақтылайды. Сөйтіп, Рукин отряды біржола талқандалды, казак-орыс отряды түгелге дерлік қырылды. Олардың сүйектері Үшауыз тауының Каспий теңізіне қараған етегіндегі бір шұңқырда үйілген.

Біз бұл тұжырымды әкесі Жанғабыл жендеттердің қолынан қаза тапқан Досанды Форт- Шевченко қаласынан ҚАРАТӨБЕ ҚАУЫМЫНА әкеліп жерлеуге қатысқан халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» дастанына, белгілі жорналшы марқұм Сайын Әділханов пен Естерек Жаманбаевтың «Досан батыр» атты еңбегіне, ақын, сәулетші Сайын Назарбековтың «Досан батыр» атты пьесасына, басқа да ақын-жазушылардың шығармаларына және «халық айтса қалт айтпайды» дегендей, халық естелігіне сүйеніп айтып отырмыз.

“Маңғыстау көтерілісі” туралы қалам тартқан М. С. Тұрсынова орыс офицерлерінің көтерілісшілер Рукинді алдап алдын-ала қарусыздандырып, содан кейін барып шабуыл жасап жеңіске жетті, қолға түсу қаупы туғаннан кейін Рукин өзін - өзі атып өлтірді деген жазбаларын сол күйінде қабылдауға мәжбір болған. Өйткені оның өз еңбегін кеңес үкіметі кезінде жазып отырғандығынан алдындағы бар документтен ауытқуға мүмкіндігі жоқ еді. Бұл версия сол кездегі Форттың коменданты майор Зелениннің Маңғыстауға жіберілген отрядтың талқандалуына, Рукиннің өліміне байланысты өз жауапкершілігін жеңілдету, қарақан басын қорғау үшін кісі нанғысыз өтірікке барып, ойлап тапқан айла-шарғысы еді. Комендант, сонымен бірге, орыс офицерінің намысын қорғамақ болып та Рукинді өзін өзі атып өлтірді деп мәлімдеген. Ол осылай деп тікелей патшаға, оның Дербенттегі наместнигі Михайлға телеграмма жіберген.

Басқа да кейбір зерттеушілердің осы мағұлыматты басшылыққа алып, мәселенің байыбына бармай нақты оқиғаның, тарихи шындықтың бұрмаланып айтылуына жол беріп жүргендері бар. Мен мұны Иса мен Досанның халық үшін құрбандыққа барған теңдесі жоқ ерліктеріне көлеңке түсіруге бағытталған әрекеттері деп білемін. Шындығына келсек, әскери білімі бар, Маңғыстау приставы етіп жіберілген подполковник (кейбір документтерде полковник деп те айтылады) Рукиннің, оның ақылшы-кеңесшілерінің дала қазақтарының алдауына түсіп қаруларынан айрылуы салдарынан жеңіліске ұшырады деген пікірдің ешбір қисыны жоқ. Жеңілген жақ жеңген жаққа әрқашанда әділ сөз айтпаған ғой. Оның үстіне В.А. Потто деген зерттеушінің «Гибель отряда Рукина в 1870 году» деген 1900 жылдың

шілдесінде «Исторический Вестник газетінде жариялаған зерттеуіне назар аударсаңыз, оның жазғандарының басынан аяғына дейін жергілікті халықты «туземцы», «хищники», «шайки», «полудикие кочевники», «барантаци», «дикари», «воры» деп бәлапыт теңеулермен дағтай бергенін көресіз. Осылайша жергілікті халықтың өзіне тән салты-санасы, мәдениеті, өнері, ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрі мансұқ етіліп, тек дұшпандық, жаулық көзқараста жазылған «зерттеулерді» тарихи документ деуге бола ма? Әрине болмайды. Сондықтан да біз Рукин отрядының талқандалуы жөніндегі документтерді тарихи шындық дей алмаймыз.

Олардың Рукин жау жүрек, батыр адайлардың қолынан өлді деп шындықты жазулары мүмкін еместігі талас туғызбаса керек. Мысал келтіре кетелік. Айтылып отырған оқиғалардан 150 жылдай бұрынғы орыс империясы тарихшыларының Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Россияға боданы болуға ант беріп, хат жолдады деген деректерінен де көруге болады. Кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде бұндай хаттың болмағандығы, бар деп жүргендерінің өзі Әбілхайырдың башқұрттармен келісе алмауына байланысты патша ағзамның ықпалы қажеттігі жөнінде жазылған болса да, осы хатты кезінде әдейі теріс тәржімалап, Әбілхайыр хан бодан болуды сұрады деп тарихты бұрмалауға жол беріп келгендері айтылады («Егемен Қазақстан», 31.01.07, Әбілсейіт Мұқтар-тарих ғылымдарының докторы). «Менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жазылған»- деген ғой Джабахарлал Неру де қызы Индираға түрмеден жазған хатында. Осы мысалдардан-ақ орыс мемлекеті өкілдерінің айтқандары мен жазғандарының бәрі бірдей тарихи шындық болмайтыны түсінікті. Демек, Ақ кетік қаласындағы патша офицерлері де Маңғыстаудағы көтеріліс жайын, ондағы оқиғаларды өз көз-қарастарына сәйкес жазды емес пе? Сондықтан да бұл көтерілістің ақиқатын білу үшін «тарихи документ» деп аталып отырған сол кездегі әскер басшыларының жазбаларына сүйену дұрыс бола қоймайтыны айдан анық деп білеміз. Өйткені жалған жазу олардың қолдарында бар қырып-жою қаруларымен бірге елдің ататарихын, мәдениетін, кісілік, адамгершілік, қайсарлық, қасиеттерін – бүкіл болмысын бұрмалап, бүкіл әлемге теріс бағытта көрсетуді мақсат еткен екінші қаруы еді.

«Біздің тарих ол да бір қалың тарих. Оқулығы жұп-жұқа бірақтағы» - деп айтулы ақын Қадір Мырзалиев айтқандай, ашылар заманы тумай «ақтаңдақтар» комбесінде қалған Маңғыстау, Адай халқының тарихы да қалың тарих. Еліміздің тарихына жаңаша қарау, Иса-Досан бастап тарихқа «Маңғыстау көтерілісі» деген атпен енген дүрбелеңге, ел қамы үшін шыбын жанын аямай, қолдарына Атаның Ақ Туын алып атай салған батырлардың қасиетті де, ерлік, қаһармандық істеріне дұрыс баға беру күні туды, мезгілі

жетті деп есептеймін. Бұған Отанымызда орнаған Тәуелсіздік туының желбіреуі арқасында қол жетіп отырғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ғалымдардың назарын халқымыздың жалғандықсыз таза, шын тарихын, өмір жолдарын жазуға, ашып көрсетулеріне бағыт беріп, талап қойып отырғаны да еліміздің әлем алдындағы орнын белгілеуге, әлемдік өркениетке қосқан үлесін анықтауға бағытталған қамқорлығы деп білемін.

Көтеріліс бүкіл түбекті қамтыды. Көтерілісшілер саны 10 мың салт атты адамға жетті. Олар патша үкіметінің Маңғыстаудағы барлық тірегін, кәсіпшілердің кәсіп орындарын, құрылыс- жайларын ойрандады. Балықшылар, жүк тиейтін жұмысшылар өздерін қанаушы кәсіпшілер мен саудагерлерге қарсы күресті. Сарытас шығанағында жұмысшылар кәсіпшілерге шабуыл жасап, олардың қайықтарын тартып алды. Бұл қайықтардан кіші флотилия құрып, оны патшаның ең мықты соғыс камалдарының бірі- Александровский фортын (биіктігі 4 м., ені 2 м. тас қорған ішінде 18 зеңбегі, 800 пұт оқ-дәрісі бар жақсы қаруланған әскер тобын) қоршау үшін пайдаланды.

Көтерілісшілердің жан беріп, жан алысқан ерлігі жөнінде Маңғыстаулық жорналшы Наталья Задерецкая “Лада ТВ плюс” газетінде (22.02.07) жариялаған мына тарихи документтен де көруге болады. Онда былай делінген (тәржімаламай беріп отырмыз): директор Атырауского полеонтологического музея Юрий Александрович Пастухов в прошлом году передал мангистауцам собранные им материялы о Мангишлаке. Среди прочих интересных документов оказался отчет Ломакина командующему войсковой части Уральской области от 13 апреля 1870 года... “Считаю долгом доложить Вашему Превосходительству, что в продолжение своей 20-летней службы имел ни раз столкновения с киргизами, но такого отчаянного и упорного нападения не ожидал. Под не умолкаемые картечные и ружейные выстрелы они бросались в улицы базара, если которых убивали, то другие бросались за телами и уносили их...”

Көтеріліс жергілікті үкімет орындарымен қатар Петербургтағы бас штабты да үрейлендірді. Өйткені Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында Иранда ағылшындардың ықпалы едәір күшейген болатын. Патша үкіметі Хиуаға қарсы жорыққа даярланып, әскерлерін Красноводск қаласына шоғырландырып жатқан еді. Маңғыстау көтерілісінің орталығы осы әскер тобының тылында болды. Көтерілісті басу Патшаның Каваздағы уәкіл-әкіміне тапсырылды. Мамыр айының аяғында Маңғыстауға Кавказдан Апшерон полкінің бір батальоны, екі атқыштар ротасы, Дағыстан полкінің төрт ротасы және Терек казак-орыстардың төрт зеңбекпен қаруланған 2

жүздігі келді. Көтерілісшілер “Ұсақ” құдығында, Үшауыз шығанағында, Александровский фортында күшті қарсылық көрсеткенімен, патшаның жақсы қаруланған тұрақты әскер бөлімдерінен жеңілді. Көтеріліс қатал жанышталды. Көтерілісшілер өз қатарын ел азаматтарымен толтыра отыра, Үстіртке көтеріліп, одан оңтүстікке қарай көбі отбасыларымен бірге көше бастады. Бірақ Орынбордан шыққан жазалаушы отрядтармен (Н. А. Крыжановский мен ген.- м. Биазнов бастаған) кездесіп, көп шығынмен Үстіртке қарай кейін шегінуге мәжбүр болды.

Жазалаушылар халықты “Уақытша ережеге” күшпен көндірді. Патша үкіметі адайларды әлсірету мақсатымен 6 мың үйді Маңғыстаудан бөліп алып, күшпен Орал облысына берді. 1874 жылға дейін елді Дағыстаннан келген әскери үкімет басқарды. Содан кейін бір айдың ішінде 9 мыңдай үйден екі жылға салық бірден өндірілді. Салық төлеу қиындықтарын пайдаланған орыс саудагерлері қазақ шаруаларының жылқыларын 1 сом 60 тиыннан сатып алды.

Үкімет өз мемлекеті ішіндегі ел, жеке мемлекет емес адайлардан Контрибуция – соғыс шығынын алу заңсыз екеніне қарамастан, сол үшін деп халықтан 60 мың сом ақша, 90 мың қой жинап алды. Қорыта айтқанда, 1870 жылғы “Маңғыстау көтерілісі” отаршылық езгіге қарсы, әсіресе, орынсыз еселеп салықтар салуға, жайылымдарды пайдалануға шек қоюға қарсы шыққан жергілікті және стихиялық шаруалар көтерілісі болды.

Халық қаһарынан сескенген патша үкіметі көтеріліске қатысқан халыққа кейбір жеңілдіктер беруге мәжбүр болды. Қатаң жазаланғандардан басқа көтеріліске қатысқандарға кешірім жасалды. «Ережеге» бірсыпыра өзгерістер енгізілді (салықтарын ақшамен емес малмен өтеуге, жайылымдарды пайдалана беруге т. б.). Әрі аузы дуалы шешен, би, сері-ақын, әрі батыр Исаның ел ішіндегі зор беделі ескеріліп, оны болыс етіп жіберді. Исаның кешегі кеңестік дәуірдегі кесірлі саясаттың салдарынан би, болыс деп қағажу көргені белгілі. Алайда халық ерлігі, әділ билігі үшін, елге жасаған жақсылығы, қамқордығы үшін оның есімін құрметпен атап, тарихта белгілі орын алған ірі тұлға деп бағалап келеді.

Облыс басшысы, ғалым, іскер азамат Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың Исатай мен Махамбетті бір-бірінен айыруға болмайтын болса, Исаны да Досаннан ажырату әділдік болмайды деген тікелей ұсынысымен екі батырға бір тұғырда тұрған монументтік ескерткіш салынып, бұл халықтың ризалығына бөленіп отыр. Осынау ауыздығымен алысып, ойнақтаған қос тұлпардың үстіндегі қос батырдың айрылмас достық бейнелері берілген зәулім де алып ескерткіш қоюмен бірге, олардың ұрпақ алдындағы бірегей істерінің тәрбиелік, отаншылдық мәні ескеріліп, аталып отырған көтеріліс

туралы, оның басшылары туралы анық та толық материалдар мектеп оқулықтарынан орын алуы қажет деп білемін.

Сонымен бірге, ұрпақ жадында мәңгілік сақталулары үшін Иса мен Досан есімдерін мектептерге, елді мекендерге беру де орынды болар еді. «Маңғыстау көтерілісін» бастаған Иса мен Досан батырлардың және олардың жолдастарының көзсіз ерлігі мен осы көтерілісті қолдаған халық бірлігі туралы кино түсірілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Жас ұрпақтың ата-бабалар өткен жолдары, атқарған істерінен үлгі-өнеге, тағылым алуларын көздейтін облыс әкімі жанындағы ардагерлер кеңесінің таяуда жүргізе бастаған «Тәуелсіздік тағылымы» атты циклінің тәрбиелік ролі де жоғары болмақ.

Патшалы Ресейдің отаршылдық саясаты салдарынан төзгісіз қысым көрген елінің тұрмыс-тіршілігін, ары мен намысын қорғап атқа қонған кесекті ер, айрықша батыр тұлғалар Иса мен Досанның қалдырған өшпес іздері мен ескерткіште аса тапқырлықпен мүсінделген айбынды да жарқын бейнелері мәңгі сақтала беретін болады.

Әдебиеттер:

1. Бурханов К.Н., Султанов Б.К., Аяган Б.Г. Современная политическая история Казахстана. – Алматы: Издательский центр Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2006. – С. 7.
2. Отечественная история и историческое образование: новые парадигмы / Материалы Международной научно-теоретической конференции «Методологические и теоретико-концептуальные инновации в исторической науке Казахстана и проблемы их освоения» (г. Алматы, 13-14 марта 2003 г.) // Отан тарихы. – 2003. – №1.
3. Вариации на заданную тему, или феномен альтернативной истории в свете научного знания // Казахстанская правда. – 2004. – 11 марта.
4. Дулатова Д.И. Движение казахов под руководством Кенесары Касымова в свете нового мышления / Национальные движения в условиях колониализма (Казахстан. Средняя Азия, Кавказ). – Целиноград: Аль – Фараби, 1991. – С. 54.
5. Архив СПбИИ РАН. – Ф. 267. – Оп. 1. – Ед. хр. 84. – Л. 8
6. Струве П.Б. Избранные сочинения. – Москва: Наука, 1999. – С. 164.
7. Бисенбаев А.К. К вопросу об изучении национально-освободительных движений XIX – начала XX вв. в Казахстане / Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сб. статей. – Алматы: ТУД АП и КМ РК, 1993. – С.70.
8. Резников А. Б. Стратегия и тактика коммунистического интернационала по национально-колониальному вопросу. – Москва: Политиздат, 1978. – 343 с.

9. Толыбеков К.Б. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. – Алма-Ата: Гылым, 1959. – С. 197-198.
10. Политология: Энциклопедический словарь. – Москва: Феникс, 1993. – С. 209.
11. Мухаметшина Н.С. Современные методологические и теоретические подходы к феномену национализма / Социология и социальная работа. – 2003. – №3. – С. 31.
12. Васильев Л.С. История Востока. В 2-х томах. – Москва: Высшая школа, 2003. – Т. 1. – 568 с.
13. Бердин А. О концепциях преподавания истории Башкортостана // Ватандаш. – 2003. – №1. – С. 32.
14. Шаститко П.М. Ленинская теория национально-колониального вопроса. – Москва: Наука, 1979. – 260 с.
15. Старушенко Г.Б. Нация и государство в освобождающихся странах. – Москва: Изд-во «Международные отношения», 1967. – С. 234
16. Масов Р. Актуальные проблемы историографии и истории таджикского народа. – Душанбе, 2005. – 288 с.
17. Дулатова Д.И. Из истории изучения национально-освободительного движения в Казахстане / Народно-освободительное движение в Казахстане в XVII-XX веках единый исторический процесс: проблемы, поиски, решения. – Актюбинск: ПО «Полиграфия», 1992. – С. 44-47.
18. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана в XIX веке. – Караганда: Б.и., 1992. – 110
19. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда: , 2006. – 260 с

В данной статье нашли отражение источники, описывающие подвиг Досана батыра, его героизм и самоотверженность, а также беспримерную храбрость его сарбазов, действовавших под его началом.